«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжі

ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚҚА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ

Мамандығы: 009130100 «Мейіргер ісі»
Біліктілігі: 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры»
Оқу түрі: күндізгі
Оқытудың нормативтік мерзімі: 3 жыл 6 ай
Циклдар мен пәндер индексі АП 25
Курс: 4
Семестр: 7
Пән: «Мейіргер ісіндегі менеджмент»
Бақылау нысаны: Емтихан
Барлық сағат/кредит көлемі KZ: 72/3

Шымкент, 2025 ж.

Тәжірибелік сабакка арналған әдістемелік нұскаулық «Мейіргер ісіндегі менеджмент» пәнінің жұмыс оку бағдарламасы негізінде құрастырылып, кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 1 «27» 08 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі _____ Серикова Б.Д.

1 – сабақ

1. Тақырып: Денсаулық сақтауды ұйымдастырудың өзекті мәселелері. ҚР және әлемде мейірбике ісін дамыту перспективалары.
2. Мақсаты: Пәннің негізгі мақсаты болып студенттерге Денсаулық сақтауды ұйымдастырудың өзекті мәселелерін, ҚР және әлемде мейірбике ісін дамыту перспективаларын үйрету.
3. Студент білуі тиіс:
- ҚР және әлемде мейірбике ісін дамыту перспективаларын оқыту.

Студент істей білуі тиіс.
- Денсаулық сақтауды ұйымдастыруды үйрету.

4. Негізгі сұрақтар:
- Менеджмент теориясы?
- Стратегиялық менеджмент?
- Мейіргер менеджерінің рөлі қандай?

5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):
1. Тақырып бойынша сұрақтарды колдана отырып отырып, тақырыпты талдау.
2. Кіші топтармен жұмыс істеу.
3. ТСО-дан қолдану (ПК, мултимедиалық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау.
4. Ситуациялық есептерді шешу.
5. Тақырып бойынша тестерді шешу.

6. Әдебиеттер: соңғы бетті қараңыз.
7. Бақылау (тесттер, есептер және басқалар)
Тесттер:
1. Басқару - бұл процесс:
A) адамдық, материалдық және материалдық емес ресурстарды тиімді қолдану
B) денсаулық сақтауды басқару
C) таңдамалы оқиғалар
D) алмасу арқылы мақсатқа жету
E) коммерциялық манипуляциялар арқылы мақсатқа жету
2. Менеджерлер ұйымдардағы жеке тұлғалар, … .
A) қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін ұйымдардағы ресурстарды бөлу жөнінде шешім қабылдайтын және билік жүргізе алатын
B) ақша ресурстарын бөлу
C) ұйымдағы тәртіп пен тазалыққа жауапты
D) рекрутинг
E) тайм-менеджментпен айналысатын ұйымдардағы жеке тұлғалар
3. Басқару функцияларына мыналар жатады:
A) жоспарлау, ұйымдастыру, нарық, баға, бақылау
B) ұйымдастыру, өңдеу, бағалау
C) нарық, сапа, баға
D) баға, жоспарлау, бөлу, сапа
E) бақылау, бөлу, нарық
4. Жоспарлау - бұл процесс... .
A) мақсат қою, іс-әрекет бағытын таңдау және оған жету
B) жеке адамдар мен жұмысшылар топтары арасындағы жұмысты бөлу
C) ұйымды сауатты қызметкерлермен қамтамасыз ету

D) индукция, жеке тұлғаларды ерікті және үйлесімді тарту және мақсаттарға жету барысындағы топтар
E) алмасу арқылы мақсатқа жету
5. Ұйымдастыру - бұл процесс... .
A) жұмысты жеке адамдар мен топтар арасында бөлу қызметкерлер, қойылған мақсаттарға жету үшін олардың қызметін үйлестіру
B) мақсат қою және іс-әрекет бағытын таңдау және оған жету
C) ұйымды сауатты қызметкерлермен қамтамасыз ету
D) индукция, жеке тұлғаларды ерікті және үйлесімді тарту және мақсаттарға жету барысындағы топтар
E) алмасу арқылы мақсатқа жету
6. Кадрлық жұмыс және адамдық ресурстарды басқару ... үдерісі.
A) ұжымды компененті қызметкерлермен қамтамасыз ету
B) жеке адамдар мен жұмысшылар топтары арасында жұмысты бөлу, олардың іс-әрекетін мақсатқа жету үшін үйлестіру
C) индукция, жеке тұлғаларды ерікті және үйлесімді тарту және мақсаттарға жету барысындағы топтар
D) алмасу арқылы мақсатқа жету
E) мақсат қою және іс-әрекет бағытын таңдау және оған жету
7. Бақылау - бұл процесс... .
A) Ұйымның және жеке тұлғалардың мақсаттарына тиімді қол жеткізуді қамтамасыз ету прогресті жүйелі бақылау арқылы
B) мақсат қою және іс-әрекет бағытын таңдау және оған жету
C) ұйымды сауатты қызметкерлермен қамтамасыз ету
D) жұмысты жеке адамдар мен топтар арасында бөлу қызметкерлер, қойылған мақсаттарға жету үшін олардың қызметін үйлестіру
E) алмасу арқылы мақсатқа жету
8. Жоғарғы менеджмент бұл... .
A) ұйымның негізгі миссиясы мен стратегиялық бағытын анықтайтын ұйымдық құрылымды жобалауға жауапты ұйымның жоғарғы басшылығы
B) басқару деңгейі, жауапты менеджерлерді біріктіру әртүрлі еңбек ұжымдары мен топтарының қызметін біріктіру
C) ұйым қызметкерлерін тікелей басқаратын басшылар
D) тайм-менеджмент ұйымын басқару
E) өрт қауіпсіздігіне жауапты ұйымның басшылығы
9. Орташа менеджмент дегеніміз:
A) әр түрлі еңбек ұжымдары мен топтарының қызметін біріктіруге жауапты басшыларды біріктіретін басқару деңгейі
B) ұйымның негізгі миссиясы мен стратегиялық бағытын анықтайтын ұйымдық құрылымды жобалауға жауапты ұйымның жоғарғы басшылығы
C) ұйым қызметкерлерін тікелей басқаратын басшылар
D) тайм-менеджмент ұйымын басқару
E) өрт қауіпсіздігіне жауапты ұйымның басшылығы
10. Төменгі менеджмент дегеніміз ... .
A) ұйым қызметкерлерін тікелей басқаратын супервайзерлер
B) ұйымның негізгі миссиясы мен стратегиялық бағытын анықтайтын ұйымдық құрылымды жобалауға жауапты ұйымның жоғарғы басшылығы
C) әр түрлі еңбек ұжымдары мен топтарының қызметін біріктіруге жауапты басшыларды біріктіретін басқару деңгейі
D) тайм-менеджмент ұйымын басқару
E) өрт қауіпсіздігіне жауапты ұйымның басшылығы

Ситуациялық есептер:
№1 Есеп.
Ситуациялық есеп №1
Хирургиялық мейірбике жұмысқа тұрар алдында екі нұсқа болды: қалалық аурухана және ірі өндіріс орны. Екі ауруханадада күндізгі мейірбикенің жұмысын бірдей жалақы, жұмыстың ауырлығы, еңбек жағдайы жақсы, біліктілігін арттыру мүскіндігі ұсынылды. Қалалық ауруханада бөлімше ұжымына ұнайтын, мейрімді және ұйымшыл, қолдауына сүйене алатын өзімен бірге оқыған құрбысы жұмыс істейді. Мейірбикеге хирургия бөлімшесінің ұжымы таныс болмады, бірақ бұл жерде жұмыс істей отырып, еңбек демалысы кезінде, демалыс үйіне және пионерлік лагерге жолдама ала алады.
Мейірбикенің таңдауы хирургиялық МСЧ бөлімшесіне тоқталды.
Мейірбике жұмыс орнын таңдау кезінде қалалық ауруханаңың және МЧС – тің басқару әдістері қандай**?**
1. Экономикалық.
2. Ұйымдастырушылық.
3. Әкімшіліктік.
4. Әлеуметтік.
5. Психологиялық.

Ситуациялық есеп №1
Жауабы*:* 4
Ситуациялық есеп №2
Терапия бөлімшесінде кәсіби деңгейі жоғары, тағайындауларды нақты және өз уақытында орындайтын, ем – шаралардың орындалу техникасын сақтайтын, өз әріптестеріне мейірімді және отзывчива, "Ауданның үздік мейірбикесі " сайысының жеңімпазы, тәртіпті, әрқашан жұмыс орны мен құжаттарды ұқыпты ұстайды. Егу бөлмесінің мейірбикесінің демалысқа кетуіне байланысты ол аға мейірбикеге өзін егу бөлмесінің мейірбикесі қызметіне ауыстыруын сұрады.
Посттағы мейірбикенің егу бөлмесіне жұмыс ауыстыруының себебі неде?
1. Жоғары айлық алу.
2. Өзін – өзі көрсету қажеттілігі (көбінесе өзінің білімін, қабілеттілігін, дағдыларын қолдану).
3.Өзін – өзі мойындату және көрсету қажеттілігі.
4. Өзінің біліктілігін жоғарылату қажеттілігі.
5. Біреуге тәуелділік қажеттілігі.

2- сабақ

1. Тақырып: Менеджмент ұғымы. Мейіргер ісіндегі Менеджмент. Басқару.
2. Мақсаты: Студенттерге заманауи менеджмент түсінігін енгізу, онын мазмұнын ашу, сипатын бөлу,әдістерін үйрету және оның мейіргер ісіндегі жетекшілік орнын анықтау.
3. Оқыту міндеттері:
Менеджмент ұғымын.
Мейіргер ісіндегі менеджментті.
Басқару процесін.
- Мейіргерлік істі ұйымдастыру.

4.Негізгі сұрақтар:
- Менеджмент теориясы?
- Мейіргер менеджерінің рөлі қандай?

5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):
1**.** Тақырып бойынша сұрақтарды колдана отырып отырып, тақырыпты талдау.

2.Кіші топтармен жұмыс істеу.
3.ТСО-дан қолдану (ПК, мултимедиалық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау.
4.Ситуациялық есептерді шешу.
5.Тақырып бойынша тестерді шешу.
6. Әдебиеттер: соңғы бетті қараңыз.
7. Оқыту және оқыту әдістері:
• Презентация, реферат, тест, глоссарий
8. Бақылау (тесттер, есептер және басқалар)
Тесттер:
1. Денсаулық сақтауды басқару бұл... .
A) қаржылық, еңбек және басқару, реттеу және бақылау туралы ғылым медицинаның материалдық ресурстары
B) айырбас арқылы қажеттіліктер мен талаптарды қанағаттандыруға бағытталған адам қызметінің түрі
C) уақытты басқару туралы ғылым
D) өз ресурстарын басқару туралы ғылым
E) адамның өнімділігін басқару туралы ғылым
2. Басты менеджмент - бұл басқару ... .
A) медициналық ұйымдарды толық басқару
B) денсаулық сақтау мекемелері қызметінің жекелеген бағыттары
C) жалпы денсаулық
D) бір бөлімде
E) адамның мүмкіндіктері
3. Функционалдық менеджмент - бұл басқару ... .
A) ЕПМ қызметінің белгілі бір аумақтарын басқару
B) жалпы денсаулық сақтау
C) жалпы медициналық ұйымдар бойынша
D) бір бөлімде
E) адамның мүмкіндіктері
4. Инновациялық менеджмент бұл ... .
A) диагностика мен емдеудің жаңа әдістерін енгізу
B) Әрбір қаржыландыру көзінің үлесі және мүмкіндігі қаражат қозғалысы, мекеменің табыстылық дәрежесі
C) жалпы медициналық ұйымдарды басқару
D) бір бөлімді басқару
E) адамның өнімділігін басқару туралы ғылым
5. Қажеттілік дегеніміз... .
A) адамның денсаулық жағдайына сәйкес қажеттілікті қанағаттандыру тәсілі
B) екі тарап арасындағы коммерциялық құн алмасу
C) Біреуге бірдеңе беріп, оның орнына бірдеңе алу
D) Адамның бір нәрсенің жетіспейтінін сезінуі
E) сатып алу қабілетімен қамтамасыз етілген қажеттілік
6. Нарық бұл... .
A) нақты тауар мен қызметтерді алмастыру аумағы.
B) адамның мәдени деңгейіне сәйкес қажеттілікті қанағаттандыру тәсілі
C) екі тарап арасындағы коммерциялық құн алмасу
D) Біреуге бірдеңе беріп, оның орнына бірдеңе алу
E) сатып алу қабілетімен қамтамасыз етілген қажеттілік
7. Баға- бұл... .
A) медициналық қызмет құнының ақшалай құны

B) медициналық мекеме белгілі бір уақыт аралығында белгілі бір бағамен көрсете алатын медициналық қызметтердің саны
C) адамның мәдени деңгейіне сәйкес қажеттілікті қанағаттандыру тәсілі
D) екі тарап арасындағы коммерциялық құн алмасу
E) Біреуге бірдеңе беріп, оның орнына бірдеңе алу
8. Сұраныс бағасы ... .
A) пациенттер осы медициналық қызметті сатып алуға келісетін ең жоғары баға
B) дәрігерлер өз қызметін сата алатын ең төменгі баға
C) пациенттердің дәрі-дәрмек сатып ала алмайтын максималды бағасы қызмет көрсету
D) пациенттердің медициналық қызметті сатып алатын ең төменгі бағасы
E) сауда болған баға.
9. Ұсыныс бағасы - ... .
A) дәрігерлер өз қызметін сата алатын ең төменгі баға
B) пациенттердің медициналық қызметті сатып ала алмайтын максималды бағасы
C) пациенттердің медициналық қызметті сатып алатын ең төменгі бағасы
D) пациенттер осы медициналық қызметті сатып алуға келісетін ең жоғары баға
E) сауда болған баға
10. Маркетинг дегеніміз... .
A) айырбас арқылы қажеттіліктер мен талаптарды қанағаттандыруға бағытталған адам қызметінің түрі
B) мақсатқа жету процесі
C) медициналық қызмет көрсету
D) адам ресурстарын басқару
E) екі тарап арасындағы коммерциялық құн алмасу

Ситуациялық есептер:
Ситуациялық есеп №3
Ауруханаңың травматологиялық бөлімшесінде жұмыстың қиындауына байланысты мейірбикелермен қамтылмаған, кадрлардың жоғары ағымы байқалады, жұмысқа қосымша қызметкерлер қабылданады. Мейірбикелердің жұмыс кестесін аға мейірбике құрастырады, содан кейін кадр бөлімінде бекітеді. Қосымша қызметкерлердің негізгі жұмыс орнымен кестесі сай келмегендіктен өте жиі кезекшілік ауысады, мейірбикелер арасындағы келіспеушіліктер салдарынан жұмысқа шықпай қалған жағдайларда болды.
Аға мейірбике бұл жағдайдан шығу үшін мейірбикелерге Еңбек заңындағы талапқа сай кесте үлгісін құрастыруды ұсынды.
Аға мейірбике басқарудың қандай үрдісін қолданды?
1. Қызметтерін бөліп беру.
2. Жоспарлау.
3. Жұмысшылардың жеке ерекшеліктерінің тізімі.
4. Шешім қабылдау барысына орындаушыларды барынша тарту
Ситуациялық есеп №3
Жауабы: 4

Ситуациялық есеп №4
Хирургиялық бөлімше негізі жоспарлы түрде операция жасайды. Шұғыл операциялар тек арнайы жағдайда аз жүргізіледі. 1 ай бұрын бөлім меңгерушісі мен аға мейірбике қалалық ауруханаңың хирургиялық бөлімшесінің және науқастарды қабылдау бөлмесінің жабылатыны туралы ақпарат алды. Бөлімшенің үзіліссіз жұмыс істеуі үшін, сатып алу мүмкіндігі туындағанда немесе уақытша қалалақ ауруханадан алып қолдану барысын талқылау үшін аға мейірбике таңу материалдарының, дезинфекциялық заттардың, стерилизациялық жабдықтардың қажеттілігін есептеп шықты.

Аға мейірбике менеджменттің қандай функциясын жүзеге асырды?
1. Жоспарлау.
2. Ұйымдастыру.
3. Координация.
4. Мотивация.
5. Бақылау.

Есеп №4
Жауабы: **1**

3 – сабақ

1. Тақырып: Менеджмент негіздері. Стратегиялық менеджмент. Мейіргер менеджерінің рөлі.
2. Мақсаты: Студенттерге басқару тәжірибесіндегі менеджмент принциптерін және оған ғылыми тұрғыдан дағдыларды ашу, мейіргер ісіндегі менеджмент басқаруды талдауды үйрету**.**
3. Оқыту міндеттері:
Менеджмент негіздерін.
Стратегиялық менеджментті.
Мейіргер менеджерінің рөлін.
Мейіргерлік істі ұйымдастыру.
4.Негізгі сұрақтар:
- Менеджмент теориясы?
- Стратегиялық менеджмент?
- Мейіргер менеджерінің рөлі қандай?

5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):
1. Тақырып бойынша сұрақтарды колдана отырып отырып, тақырыпты талдау.
2. Кіші топтармен жұмыс істеу.
3. ТСО-дан қолдану (ПК, мултимедиалық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау.
4. Ситуациялық есептерді шешу.
5. Тақырып бойынша тестерді шешу.

6. Әдебиеттер: соңғы бетті қараңыз.
7. Оқыту және оқыту әдістері:
Презентация, реферат, тест, глоссарий
8. Бақылау (тесттер, есептер және басқалар)
Тесттер:
1. ... - маркетинг қызметі болып саналады.
A) Денсаулық сақтаудың нақты түрлерін насихаттау
B) Денсаулық сақтау мекемесінің насихаты
C) Салауатты өмір салты идеяларын насихаттау
D) Тұлғалардың танымалдылығы
E) Сақтандыру насихаты
2. Ұйымдастыру маркетингі бұл... .
A) денсаулық сақтау мекемесінің насихаты
B) денсаулық сақтаудың нақты түрлерін насихаттау
C) салауатты өмір салты идеяларын насихаттау
D) Тұлғалардың танымалдылығы
E) сақтандыру насихаты
3. Жеке адамдар маркетингі дегеніміз... .
A) Кейбір жетекші докторларды, профессорларды, медбикелерді жоғарылату.
B) денсаулық сақтаудың нақты түрлерін насихаттау
C) салауатты өмір салты идеяларын насихаттау

D) денсаулық сақтау мекемесінің насихаты
E) сақтандыру насихаты
4. Медициналық қызмет түрлері.
A) қарапайым, күрделі, жиынтықты
B) екі және үшбұрышты
C) бір түсті және екі түсті
D) бір деңгейлі және көп деңгейлі
E) көпқабатты және бірқабатты
5. Айырбастау дегеніміз ... .
A) Біреуге бірдеңе беріп, оның орнына бірдеңе алу
B) адамның мәдени деңгейіне сәйкес қажеттілікті қанағаттандыру тәсілі
C) екі тарап арасындағы коммерциялық құн алмасу
D) Адамның бір нәрсенің жетіспейтінін сезінуі
E) сатып алу қабілетімен қамтамасыз етілген қажеттілік
6. Нарық ұсыныс сұрасныс жоғары болғанда , баға ... .
A) түседі
B) көтереді
C) өзгермейді
D) өзгереді
E) тербеліс
7. Нарықтағы сұраныс ұсыныстан асып кеткенде баға ... болады.
A) көтеріледі
B) төмендейді
C) өзгермейді
D) өзгереді
E) тербеліс
8. Адамның қақтығысты болдырмауға тырысатынын білдіретін стиль - бұл ... .
A) ауытқу
B) антиалиазинг
C) мәжбүрлеу
D) компромисс
E) проблеманы шешу
9. Маслоудың мотивация теориясына сәйкес, бірінші кезектегі қажеттіліктер... .
A) физиологиялық қажеттіліктер
B) әлеуметтік
C) табысты
D) өзін-өзі жүзеге асыруда
E) харизматикалық
10. Жоспарлау, ұйымдастыру, нарық, баға және бақылау... функцияларының қатарына жатады.
A) менджмент
B) экономика
C) маркетинг
D) қаржыландыру
E) жоспарлау

Ситуациялық есептер:

1. Хирургия бөлімшесінде іш қуысына отау жасалған науқас жатыр. Отаудан кейінгі жарасы ұзақ жазылуда, осы бөлімшеге түскен науқастардың барлығын отау жасауға қарсы пікірін айтып жүр, яғни хирург отау жасай алмайды деп, науқастардың сөзін мейірбике естіп қалды, мейірбике не істеу қажет.

2. Палатада қатерлі ісікпен ауыратын науқас жатыр, өзінің диагнозын білмейді. Ол мейірбикеге аурутарихын әкелуді өтінді. Мейірбикенің әрекеті.
3. Науқас невралоигия бөлімшесінде жатыр. Қабырғада ілініп тұрған санитарлы ағарту жұмысына арналған тақтаны көріп, өзін спид пен ауырамын деп шешті. Мейірбике әрекеті.

4 – сабақ

1. Тақырып: Әкімшілік процестегі мейірбике менеджерінің рөлі, ұйымдастырушы мейіргер қызметінің психологиялық аспектілері.
2. Мақсаты: Студенттерге әкімшілік процестегі мейірбике менеджерінің рөлі, ұйымдастырушы мейіргер қызметінің психологиялық аспектілерін үйрету.
3. Оқыту міндеттері:
Әкімшілік процестегі мейірбике менеджерінің рөлін.
Ұйымдастырушы мейіргер қызметінің психологиялық аспектілерін.
Әкімшілік процестегі мейірбике менеджері жұмысын ұйымдастыру.
4. Негізгі сұрақтар:
1. Басқарушылықтың шешімінің мақсаты.
2. Басқару психологиясы.
5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):
1. Тақырып бойынша сұрақтарды колдана отырып отырып, тақырыпты талдау.
2. Кіші топтармен жұмыс істеу.
3. ТСО-дан қолдану (ПК, мултимедиалық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау.
4. Ситуациялық есептерді шешу.
5.Тақырып бойынша тестерді шешу.
6. Әдебиеттер: соңғы бетті қараңыз.
7. Оқыту және оқыту әдістері:
• Презентация, реферат, тест, глоссарий
8. Бақылау (тесттер, есептер және басқалар)
Тесттер:
1. біріншілікті мәліметтерді жинаудың әдісі мыналарды қамтиды:
A) нақты мәліметтерді жинау.
B) алғашқы медициналық құжаттама.
C) пациенттердің сауалнамасы.
D) бақылау әдістері.
E) сауалнама әдістері.
2. ұтымды шешімнің қорытынды кезеңіне жатады:
A) нәтижелерді бағалау
B) балама таңдау
C) баламаны ашу
D) балама талдау
E) проблемалық диагностика
3. Менеджменттің ғылыми негізі ... болып табылады.
A) басқару туралы білім көлемі.
B) ғылыми мекемелердің жұмысы.
C) ғылыми еңбектер жинағы.
D) зерттеу жұмысы.
E) шығармашылық жұмыс.
4. Менеджменттің негізгі қызметі... болып табылады.
A) жоспарлау
B) кадр жиілігі

C) бухгалтерлік есеп
D) стимулдау
E) ынталандыру
5. Жалпы медициналық ұйымдарды басқару бұл ... менеджмент .
A) басты
B) денсаулық сақтауды басқару
C) стратегиялық басқару
D) функционалдық басқару
E) инновацияларды басқару
6. ЕМП Денсаулық сақтау объектілері қызметінің белгілі басқару бұл ... менеджмент.
A) функционалдық басқару
B) инновацияларды басқару
C) жалпы басқару
D) денсаулық сақтауды басқару
E) стратегиялық басқару
7. Тестілеуге және диагностика мен емдеудің жаңа әдістерін енгізуге инвестициялау қажеттілігі ... болып табылады.
A) инновацияларды басқару
B) жалпы басқару
C) денсаулық сақтауды басқару
D) стратегиялық басқару
E) функционалдық басқару
8. Науқастар белгілі бір уақыт аралығында белгілі бір баға бойынша сатып алуға дайын және мүмкін болатын медициналық қызметтердің саны ... құрайды.
A) сұраныс
B) қажет
C) ұсыныс
D) талаптылық
E) мәміле
9. белгілі бір бағамен белгілі уақыт ішінде медициналық мекеменің көрсетуге қабілетті медициналық қызмет көлемі - ... .
A) ұсыныс бағасы
B) ұсыныстың талабы
C) қызмет бағасы
D) талапты баға
E) қажет баға
10. Медициналық қызметінің ақшалай құны:
A) ұсыныс бағасы
B) баға
C) талапты баға
D) қажет баға
E) қызмет баға

Ситуациялық есептер:

№1

Науқас 58 жаста,Диагнозы:Жедел ми қан айналымының бұзылуы,оң жақ гемипарезі мен ауруханада жатып шыққан.

1. Ауруханалық кезеңіде паллиативті көмектің міндеттері қандай?
2. Ауруханадан шыққан науқасқа емханалық мейірбикенің паллиативті медицинаның әлеуметтік аспектісі бойынша іс-әрекеті?

3. Ауруханадан шыққан науқасқа емханалық мейірбикенің паллиативті медицинаның медициналық аспектісі бойынша іс-әрекеті?

№2

Бөлімшеге бронхиалды демікпе мен науқас түсті.Дәрігер ұстамасын басатын дәрі ұсынды.Науқас ингаляторды қалдана алмайды.

1.Науқастың мәселесін анықтау. 2.Өзіңіздің іс-әрекетінді жоспарлау.

№3

Мейірбике науқасқа майлы ерітіндіні бұлшық етке енгізді.Келесі күні енгізген жерінде қатайған түйіннің пайда болғанын байқады.

1) науқастағы мәселені анықтау.
2) Өзіңіздің іс-әрекетіңізді жоспарлаңыз.

5 – сабақ

1. Тақырып: Кадрлық ресурстарды басқару. Медицина қызметкерлерін ынталандыру негіздері. Көшбасшылық.

2. Мақсаты: Студенттерге кадрлық ресурстарды басқаруды түсіндіру.

3. Оқыту міндеттері:

Кадрлық ресурстарды басқаруды.
Медицина қызметкерлерін ынталандыруды.
Көшбасшылық.
Мейіргер ісін ұйымдастыруды.

5.Негізгі сұрақтар:

Басқару стильдерін атаңыз?
Мотивациялық механизмді іске асырудың бір құралы?
Көшбасшыға тән қасиеттер:.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):

1. Тақырып бойынша сұрақтарды колдана отырып отырып, тақырыпты талдау.
2. Кіші топтармен жұмыс істеу.
3. ТСО-дан қолдану (ПК, мултимедиалық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау.
4. Ситуациялық есептерді шешу.
5. Тақырып бойынша тестерді шешу.

6. Әдебиеттер: соңғы бетті қараңыз.

7.Оқыту және оқыту әдістері:

- Презентация, реферат, тест, глоссарий

8. Бақылау (тесттер, есептер және басқалар)

Тесттер:

1. Аурудың диагностикасын қоюға бағытталған медициналық қызметтер кешені ... болып табылады.

A) диагностика
B) алдын алу
C) емдеу
D) басқару
E) оңалту

2. Ауруды жоюға және тоқтатуға бағытталған медициналық қызметтер кешені ... болып табылады.

A) емдеу
B) басқару

C) оңалту
D) диагностика
E) алдын алу
3. Екі немесе одан да көп адамдар арасындағы келісімнің болмауы... .
A) қақтығыс
B) мотивация
C) ұйым
D) ұғым
E) стратегиясы
4. Бір нәрсе беру және оның орнына бірдеңе алу - бұл... .
A) алмасу
B) қажет
C) ұсыныс
D) сұраныс
E) қызметі
5. Нұсқаулардың ықтимал алуан түрлілігінен ең қолайлы баламаны таңдау ... болып табылады.
A) шешім
B) мақсат
C) шығару
D) ұйым
E) процесс
6. Ұтымды шешімді қабылдаудың бірінші қадамы... .
A) проблемалық диагностика
B) кері байланыс
C) нәтижелерді бағалау
D) баламаларды талдау
E) шешімді орындау
7. Ұтымды шешім қабылдаудың соңғы қадамы:
A) нәтижелерді бағалау.
B) балама таңдау.
C) баламаны ашу.
D) балама талдау.
E) Мәселенің диагностикасы.
8. ықшамдауға арналған шешімді тапсрыстарды атқаруға жиі қолданылады, бұл … үлгісі.
A) қорларды басқару
B) кезек теориясы
C) сызықтық программалау
D) еліктеуіш
E) стратегиялық
9. Организмнің сыртқы орта әсерлеріне қорғаныс реакциясы - бұл ... .
A) стресс
B) эмоциялардың өршуі
C) шок
D) ашу
E) қызметі
10. Адам іс-әрекетін машиналар мен механизмдердің жұмысымен алмастыру ... болып табылады.
A) автоматтандыру

B) ақпарат
C) жұмыс процесі
D) қызметі
E) ресурстар

Ситуациялық есептер:
1. Науқасты қарап тексеру кезінде дәрігер ұйқы артерияларының айқын пульсациясын байқады, «күмбез тәрізді», сол жақ қолтық асты алдыңғы сызық бойынша 7 қабырға аралықта көтеріңкі жүрек ұшы түрткісі анықталады.
1. Сипатталған өзгерістер көбінесе қандай жүрек-қантамыр жүйесінің өзгерісіне тән?
2. Осы науқаста дәрігер жүректің қандай конфигурациясын анықтайды?
2.Дәрігер науқас К...-ны қарап тексеру кезінде, науқас өз жасынан жасырақ көрінетінін, тері асты шел қабатының нашар дамуын, тері жабындары бозғылт; ерін, мұрын ұшы, құлақ ұштарының көгергенін, бет ұшының қызаруы көкшіл-қызыл түсті; балтырларында ісіну. Жүрек ұшын пальпациялағанда «диастолалық діріл» («мысық пырылы») анықталады.
1. Сипатталған өзгерістер көбінесе қандай жүрек-қантамыр жүйесінің өзгерісіне тән?
2. Осы науқаста дәрігер жүректің қандай конфигурациясын анықтайды.

6 – сабақ

1. Тақырып: Денсаулық сақтаудағы сапаны басқару мәселелері.
2. Мақсаты: Медициналық ұйымдардағы сапа менеджменті жүйесімен студенттерді таныстыру.
3. Оқыту міндеттері:
- Медициналық көмек көрсетудің бірыңғай менеджменті мен сапасын баскарудың замануи ұстанымдарын.
- Медициналық көмек сапасын.

•Медициналық көмек көрсетудің бірыңғай менеджменті мен сапасын баскаруды.
- **4. Негізгі сұрақтар:**
- Денсаулық сақтау ұйымында сапа менеджмент жүйесі.
- Мамандандырылған сапа менеджмент жүйесі.
- Басқару теориясы ғылым ретінде қашан пайда болды?
- Медициналық көмек сапасы?
- Мамандандырылған сапа менеджмент жүйесіне жатады:.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):
1. Тақырып бойынша сұрақтарды колдана отырып отырып, тақырыпты талдау.
2. Кіші топтармен жұмыс істеу.
3. ТСО-дан қолдану (ПК, мултимедиалық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау.
4. Ситуациялық есептерді шешу.
5. Тақырып бойынша тестерді шешу.
6. Әдебиеттер: соңғы бетті қараңыз.
7. Оқыту және оқыту әдістері:
- Презентация, реферат, тест, глоссарий

8. Бақылау (тесттер, есептер және басқалар)
Тесттер:

1. Пән туралы жеке білім мен қоғамдар жинақтаған білім арасындағы айырмашылықты саналы түрде түсіну... .
A) ақпаратқа қажеттілік
B) ақпараттық деректер
C) ақпараттық өнім
D) экономикалық ақпарат
E) ақпараттық жүйе
2. Басқару тәжірибесі ғылымда ғасырдың аяғы ... бері тарады.
A) 19 ғасырдың аяғы
B) 20 ғасырдың басы
C) 20 ғасырдың аяғы
D) 21 ғасырдың басы
E) 19 ғасырдың басы
3. Ақпаратты талдау негізінде басқару шешімдерін қабылдау ... сипаттайды.
A) менеджмент технологиясы
B) стратегиясын жасау
C) қарым-қатынас процесі
D) ұйымдастыру процесі
E) тактикасын жасау
4. Ұйымның мақсаттарын тұжырымдау және оған жету үшін қажет жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру және бақылау процесі... дегенді білдіреді.
A) басқарудың мәні
B) қарым-қатынас процесі
C) үйлестіру процесі
D) реттеу процесі
E) стратегиялық нысан
5. Персоналды басқаруға... кіреді.
A) кадр саясатын жүргізу
B) нарықты зерттеу
C) Өндірістің дамуын қамтамасыз ету
D) бизнес жобаларды әзірлеу
E) қорларды басқару
6. Кез келген деңгейдегі менеджерге қойылатын ең маңызды талап - ... .
A) адамдарды басқару,білу
B) бәсекелес фирмалардың қызметі мен әрекеттерін талдау қабілеті
C) нарықтағы сұраныстың даму ерекшеліктерін болжай білу
D) өндіріс технологиясы бойынша құзыреттілік
E) өнім сапасының құзыреттілігі
7. Денсаулық сақтауды жоспарлау мақсаттары:
A) санитарлық-гигиеналық дағдыларға тәрбиелеу
B) денсаулық сақтау қызметінің пропорционалды дамуы
C) медициналық білімді насихаттау
D) халықты кадрлармен және төсек-орынмен қамтамасыз етудегі диспропорцияны жою
E) денсаулық сақтаудың ішкі резервтерін іздеу және пайдалану
8. Стратегиялық басқару деңгейі мыналарды қамтиды:
A) денсаулық сақтау мекемесінің бас дәрігері
B) Бас дәрігердің орынбасары
C) Қарауында басқа басшылары жоқ бөлімшелердің басшысы
D) Бөлім меңгерушісі, қарамағында дәрігерлер

E) қарапайым дәрігер
9. басқарудың тактикалық деңгейіне жатады:
A) бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары
B) Қарауында басқа басшылары жоқ бөлімшелердің басшылары
C) денсаулық сақтау мекемелерінің бас дәрігерлері
D) өз қарамағында дәрігерлері бар бөлім меңгерушілері
E) қарапайым дәрігерлер
10. Операциялық басқару деңгейі мыналарды қамтиды:
A) Қарауында басқа басшылары жоқ бөлімшелердің басшылары
B) денсаулық сақтау мекемелерінің бас дәрігерлері
C) бас дәрігердің орынбасары
D) бөлім басшылары
E) қарапайым дәрігерлер

Ситуациялық есептер:
1. Науқаста түнге қарай жүрек түсында ауырсын сезімі пайда болды. Қан қысымын өлшегенде мейірбике онын жоғары екенін білді.Мейірбикенің іс әрекеті?
2. Науқаста стенокардия белгілері симптомдары пайда болды. Науқасқа көрсетілетін медициналық көмек?

7 – сабақ

1. Тақырып: Конфликтология негіздері. Өзгерістерді, тәуекелдерді басқару.
2. Мақсаты: Студенттерге ұйымдағы қақтығыстарды басқарудың заманауи тәсілдері жайында түсінік беру.
3. Оқыту міндеттері:
- Конфликтілерді басқаруды.
- Конфликтілі ситуацияны меңгеру оны шешу әдістерін.

Конфликтілі ситуацияны меңгеру оны шешуді.
4.Негізгі сұрақтар:
Конфликтілерді басқару ерекшелігі.
Қақтығыстарды шешу жолдары.
5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):
1. Тақырып бойынша сұрақтарды колдана отырып отырып, тақырыпты талдау.
2. Кіші топтармен жұмыс істеу.
3. ТСО-дан қолдану (ПК, мултимедиалық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау.
4.Ситуациялық есептерді шешу.
5.Тақырып бойынша тестерді шешу.
6. Әдебиеттер: соңғы бетті қараңыз.
7.Оқыту және оқыту әдістері:
- Презентация, реферат, тест, глоссарий

8. Бақылау (тесттер, есептер және басқалар)
Тесттер:
1. Шешім қабылдау дегеніміз:
A) балама-альтернативті нұсқаны таңдау
B) басқару функциясының орындалу процесі
C) жұмыс алгоритмі
D) қарым-қатынасты басқару процесі

E) Жағдаяттарды модельдеу процесі.

2. Медициналық көмекке жұмсалған шығындардың ең жоғары деңгейі қазіргі уақытта ... жылы байқалады.

A) АҚШ
B) Англия
C) Ресей
D) Швеция
E) Жапония

3. медициналық көмектің маркетингі бұл... .

A) медициналық, фармацевтикалық және сервистік қызмет жасау маркетинг
B) дәрілік заттарды, құралдарды, таңғыштарды және т.б.
C) медициналық, медициналық емес персоналдың маркетингі
D) фармацевтикалық маркетинг
E) хирургиялық жабдықтың маркетингі

4. Менеджердің негізгі атқаратын қызметі... .

A) басқару туралы әртүрлі ақпаратты жинау.
B) өндірістің техникалық жабдықталуына жауапкершілік.
C) өндіріс технологиясы үшін жауапкершілік.
D) өндірілген өнімді өткізу және өткізу.
E) өнім сапасын бақылау.

5. Денсаулық сақтауға жұмсалған ең аз шығын қазіргі уақытта ... .

A) Қазақстан
B) Англия
C) Ресей
D) Швеция
E) Жапония

6. Денсаулық сақтау экономикасының негізгі категорияларына мыналар жатады:

A) құны мен тиімділігі
B) қаржы және адам ресурстары
C) адам ресурстары және тиімділік
D) құны мен бағасы
E) тиімділігі және халықтың медициналық көмекке деген сұранысын қанағаттандыру

7. Қазіргі кезеңде денсаулық сақтауды қаржыландырудың негізгі көздері ... болып табылады.

A) бюджеттік қаржыландыру мемлекеттік
B) сақтандыру қорларының қаражаттары
C) ақылы медициналық қызметтер
D) бюджеттік-сақтандыруды қаржыландыру
E) заңсыз медициналық қызметтерден

8. Негізгі мақсаты жұмыс орнындағы дағдылар мен құзыреттерді іс жүзінде дамыту және басшының біліктілігін іс жүзінде растау болып табылатын стратегия мен құралдар жиынтығы ... менеджердің кәсіби біліктілігін арттыру жүйесі болып табылады.

A) корпоративтік
B) біріктірілген
C) сыртқы
D) кәсіби
E) академиялық

9. Негізгі мақсаты басқарушылардың біліктілігін «формальды» оқыту әдістерімен жетілдіру болып табылатын стратегия мен ішкі және сыртқы құралдардың жиынтығы – бұл ... менеджердің біліктілігін арттыру жүйесі.
A) біріктірілген
B) корпоративтік
C) сыртқы
D) кәсіби
E) академиялық
10. Ортақ мақсатқа жету үшін ұйым қызметкерлерінің күш-жігерін біріктіруге мүмкіндік беретін қызметтің ерекше түрі ... .
A) менеджмент
B) басқару функциясы
C) бақылау
D) экономика

Ситуациялық есептер:
1. Мейірбике ауыр жағдайдағы науқастың қасына барып оның тыныс алу жиілігін науқасқа білдіре отырып және де оның бір минуттай әдеттегідей демалу қажеттігін айтты. Мейірбикенің тактикасын бағалаңыз.
2. Науқастың екі қолына да гипс қойылған. Тамыр соғуын білезік артериясында анықтап болмайтын жағдай. Мұндай жағдайда науқастың тамыр соғуын қалай анықтайды.

8 – сабақ

1. Тақырып: Мейіргер ісіндегі Маркетинг.
2. Мақсаты: Студенттерге мейіргер ісіндегі маркетинг. Әртүрлі ұйымдарда ресурстарды (еңбек, материалдық) басқару жүйесін құру қағидаттарын таныстыру.
3. Оқыту міндеттері:
- Денсаулық сақтаудағы маркетинг.
- Мейіргер ісіндегі маркетинг.
- Әртүрлі ұйымдарда ресурстарды (еңбек, материалдық) басқару жүйесін құруды ұйымдастыруды.
- **4.Негізгі сұрақтар:**

- Денсаулық сақтау ісіндегі маркетингті шартты түрде қанша бағытқа бөлуге болады?
- Медициналық маркетингтің айырмашылығы?

5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):
1. Тақырып бойынша сұрақтарды колдана отырып отырып, тақырыпты талдау.
2.Кіші топтармен жұмыс істеу.
3.ТСО-дан қолдану (ПК, мултимедиалық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау.
4.Ситуациялық есептерді шешу.
5.Тақырып бойынша тестерді шешу.
6. Әдебиеттер: соңғы бетті қараңыз.
7. Оқыту және оқыту әдістері:
- Презентация, реферат, тест, глоссарий

8. Бақылау (тесттер, есептер және басқалар)
Тесттер:
1. Басқару әдістері мен құралдарының жиынтығы ... болып табылады.
A) менеджмент
B) басқару функциясы

C) бақылау
D) экономика
E) функция

2. Мақсаттардың, әрекеттердің немесе оларды қолдану объектілерінің біртектілігімен сипатталатын басқару қызметінің түрі ... болып табылады.
A) менеджмент қызметі
B) басқару
C) басқару әдісі
D) басқару рөлі
E) басқару мақсаты

3. Басқару объектісіне әсер ету әдісі ... болып табылады.
A) менджменттің әдісі
B) басқару
C) басқару функциясы
D) басқару мақсаты
E) басқару ішкі жүйесі

4. Ұйымды басқару дегеніміз... .
A) адамдарды басқару
B) өндірістік процестерді басқару
C) басқару функциясы
D) процесті басқару
E) басқару жүйесі

5. Ұйымның қызмет ету үдерісінде туындайтын ауытқуылықтарды айқындауға менджмент функциясы ретінде...мүмкінік береді
A) бақылау
B) жоспарлау
C) ұйым
D) мотивация
E) нұсқаулықтар

6. Басқару деңгейі бұл... .
A) жауапкершілікте бағынышты лықтың сатысын
B) жауапкершілік түрі
C) нұсқаулық көрінісі
D) бағыну түрі
E) басқару стилі

7. Ұйымдастырушылық реттестіруші құралына менджменттің жатқызылмайды
A) материалды ынталандыру жүйелері
B) ережелер
C) нормалар мен ережелер
D) бұйрықтар мен директивалар
E) лауазымдық нұсқаулықтар

8. Маркетингтік басқару үрдісінің мақсаты қамтамасыз ететін маркентингтік қызметі ілгермелі бағыттарын анықтау
A) Ресурстардың минимальды шығындары
B) компанияның мақсатына жету арқылы тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру
C) Тұтынушылардың қажеттіліктерін максималды қанағаттандыру
D) бәсекелестерге қарағанда көбірек пайда алу
E) компания мақсаттарынан гөрі жеке мақсаттарын қанағаттандыру

9. Маркетингті басқару процесінің мақсаты ... қамтамасыз ететін маркетингтік қызметтің перспективалық бағыттарын анықтау болып табылады.
A) ресурстың минималды құны

B) мүмкін болатын кең ауқым
C) нарықтағы монополиялық жағдай
D) қуатты максималды пайдалану
E) Бәсекелестердің артықшылықтары
10. Маркетинг кешені әрбір ... үшін әзірленген.
A) тауар
B) делдал
C) бәсекелес
D) жалпы нарық
E) тікелей бәсекелес

Ситуациялық есептер:
1. Науқас С. 23 жаста, тәбетінің төмендеп, сол жақ мықын аймағының ауырсынуына, іш қатуға шағымданып түсті.
Қандай патология туралы ойлау керек? Науқасты қараудығы мәліметтерді айтыңыз. Әш қуысы пальпациясында қандай өзгерістерді анықтауға болады?
2. Науқас 60 жаста, эпигастриалды аймағының тамақ ішкеннен кейін 1-1,5 сағаттан соң ауыратынына және ашқарында ауыратынына шағымданып келді. Диспепсиялық шағымдарынан: қыжылдау, кекіру. Анамнезінде: ауырсыну 3-жылдан бері мазалайды, күз, көктем айларында күшейеді. Объективті: науқас бозарған, тітіркенгіш, жылағыш. Ішті пальпациялағанда пилородуоденалды аймақта ауырсыну байқалады.
Сіздің алдын ала диагнозыңыз? Диагнозды нақтылау үшін не керек?

9 – сабақ

1. Тақырып: : Орта және кіші медициналық персоналдың қызметіне әкімшілік бақылауды ұйымдастыру.
2. Мақсаты: Студенттерге орта және кіші медициналық персоналдың қызметіне әкімшілік бақылауды ұйымдастыруды таныстыру.
3. Оқыту міндеттері:
- Медициналық қызмет сапасын бақылау.
- медициналық қызмет көрсететін қызметкерлердің бақылауы (сапаны ішкі бақылау).
- медициналық қызметті тұтынушылардың бақылауы.
- Медициналық қызмет сапасын бақылау.
- Сапаны ішкі бақылау.

4.Негізгі сұрақтар:
- Медициналық көмек сапасын бақылаудың элементтері?
- Орта және кіші медициналық персоналдың қызметіне әкімшілік бақылау?
- Шешім қабылдау.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):
1. Тақырып бойынша сұрақтарды колдана отырып отырып, тақырыпты талдау.
2. Кіші топтармен жұмыс істеу.
3. ТСО-дан қолдану (ПК, мултимедиалық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау
4. Ситуациялық есептерді шешу.
5. Тақырып бойынша тестерді шешу.
5. Әдебиеттер:
6. Оқыту және оқыту әдістері:
- Презентация, реферат, тест, глоссарий

8. Бақылау (тесттер, есептер және басқалар)

Тесттер:

1. «Қандай да бір жолмен сатылған нәрсені өндіруге тырыспаңыз, бірақ сөзсіз сатып алынатын нәрсені жасаңыз» деген тұжырым ... ұғымына тән.
A) заманауи маркетинг
B) өндірісті жақсарту
C) өнімді жақсарту
D) коммерциялық әрекеттерді күшейту
E) әлеуметтік-этикалық маркетинг
2. Маркетингтің негізгі принциптері... болып табылады.
A) тұтынушыға бағыттау
B) нарықты сегменттеу
C) статикалық
D) келісімшартты басқару
E) есеп беру
3. Ұйымның мақсаттарына жету үшін мақсатты тұтынушылармен тиімді қарым-қатынастарды қалыптастыру және қолдауға арналған бағдарламаларды талдау, жоспарлау, жүзеге асыру және бақылау ... .
A) маркетингпен
B) ұйым
C) тұтынушының мінез-құлқы
D) ұсыныс
E) қоғамдық пікір бойынша
4. Әлеуметтік этикалық маркетингтің негізгі тұжырымдамасы ... идеясы болып табылады.
A) пайда табу
B) өндірісті оңтайландыру
C) табиғатпен үйлесімділік
D) қажеттіліктерді қанағаттандыру
E) бәсекелестермен үйлесімділік
5. Кәсіпорынның стратегиялық жоспарлауының элементтері … болып табылады.
A) нарық мүмкіндіктері
B) тұтынушының мінез-құлқы
C) акционерлер
D) операциялық жоспарлар
E) корпоративтік мақсаттар
6. Нақты нарықтың әлеуетін бағалау үшін келесідей демографиялық көрсеткіштерді білу қажет:
A) аймақ халқының саны
B) тұтынушы табысының құрылымы
C) халықтың өсу тенденциялары
D) отбасылық өмірлік цикл кезеңі
E) халықтың білім деңгейі
7. Әртүрлі географиялық нарықтардағы маркетингтік әрекеттерді біріктіруге немесе стандарттауға негізделген маркетинг - ... деп аталады.
A) ауқымды
B) дәстүрлі
C) түрлендіру
D) стратегиялық
E) көлемдік
8. Өнімнің немесе қызметтің оның бар немесе қабылданған қажеттіліктерді қанағаттандыру қабілетіне байланысты қасиеттері мен сипаттамаларының жиынтығы ... өнім (қызмет) болып табылады.

A) сапа
B) мән
C) бірлік
D) мөлшері
E) бағасы

9. Позициялаудағы қате көзқарас, нәтижесінде компания, оның өнімдері немесе брендтері тұтынушылардың алдында белгілі бір позициясын жоғалтады, бұл ... позициялау.
A) үстірттің
B) бір жақты
C) көп мағыналы
D) алыпсатарлық
E) бір мағыналы

10. Тұтынушыларда компания, оның өнімдері немесе брендтері туралы тым тар көзқарасты тудыратын позицияны анықтауға қате көзқарас ... позициялау болып табылады.
A) бір жақты
B) беттік
C) көп мағыналы
D) алыпсатарлық
E) бір мағыналы

Ситуациялық есептер:

1. Науқастарға тамақты үлестіретін кім және қашан өткізілді? палатада ауыр халде жатқан науқастар біреуінде емдік процедуралар аяқталады, ал екіншісінде физиологиялық бөлінулер қабылданып жатыр. Басқа науқастар тамақ іше ме ?

2. Науқаста кенеттен асқазан ауру сезімі пайда болды, қызыл, қатты терлеу,бас айналу.Мейірбикенің іс әрекеті?

10 – сабақ

1. Тақырып: : Бас (аға) мейіргердің стратегиялық жұмыс жоспары.

2. Мақсаты: Студенттерді Бас (аға) Мейіргернің стратегиялық жұмыс жоспарымен таныстыру.

3. Оқыту міндеттері:

- Стратегиялық жоспарлаудың түсінігі, функциялары.
- Тиімді менеджмент стратегиясы.
- Медициналық қызмет сапасын бақылау.
- Бас мейіргер ретінде стратегиялық жоспар құруды.

4.Негізгі сұрақтар:

- Басқару стратегиясына не жатады?
- Тиімді менеджмент стратегиясы.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):

1. Тақырып бойынша сұрақтарды колдана отырып отырып, тақырыпты талдау.
2. Кіші топтармен жұмыс істеу.
3. ТСО-дан қолдану (ПК, мултимедиалық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау
4. Ситуациялық есептерді шешу.
5. Тақырып бойынша тестерді шешу.

1. **6. Әдебиеттер:** Мейірбике ісіндегі менеджмент [Мәтін] : оқу құралы / К. Ш. Сыздыкова [т. б.]. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 246 б.

2. Хамзина, Н. К. Менеджмент в сестринском деле: учеб. пособие 2-е изд. – Алматы: Эверо, 2015. – 196 с.
3. Дәріс кешені «Мейірбике ісіндегі менеджмент» пәні бойынша: дәріс кешені Мейірбике ісі кафедрасы анестезиология және реаниматология курсымен. – Шымкент: ОҚМФА, 2015. – 42 бет.

.

7.Оқыту және оқыту әдістері:

• Презентация, реферат, тест, глоссарий

8. Бақылау (тесттер, есептер және басқалар)

Тесттер:

1. Тұтынушылар арасында компания, оның өнімдері немесе брендтері туралы түсінбеушілік тудыратын позицияны анықтауға қате көзқарас ... позициялау болып табылады.
A) бір мағыналы емес
B) беттік
C) бір жақты
D) алыпсатарлық
E) терең
2. Тұтынушыларға компанияның мүмкіндіктері, оның өнімдері мен брендтерінің қадір-қасиеті туралы шамадан тыс асыра түсінік беруге тырысу ... позициялау болып табылады.
A) алыпсатарлық
B) көп мағыналы
C) беттік
D) бір жақты
E) бір мағыналы
3. Бәсекелестердің әрекеттері мен реакцияларымен анықталатын компания әрекеттері негізінен ... бағытталған компания болып табылады.
A) бәсекелестерге
B) тұтынушыларға
C) нарыққа
D) элементке
E) технологияға
4. Жеке стратегиясын жасау кезінде сатып алушыларды да ,бәсекелестерді де ,бақылайтын компания – бұл...бағытталған компания
A) нарық
B) технология
C) тұтынушы
D) бәсекелестер
E) элемент
5. ABC талдау процедурасының бірінші кезеңінің қадамдарын атаңыз:
A) анализ мақсаттарын анықтау
B) деректерді жинау және дайындау
C) жіктеу параметрлерін таңдау
D) ABC – классификациясы
E) нәтижелерді интерпретациялау
6. ABC талдау процедурасының екінші кезең қадамдарын атап өтіңіз:
A) жіктеу параметрлерін таңдау
B) талдау мақсаттарын анықтау
C) деректерді жинау және дайындау
D) ABC – классификациясы
E) нәтижелерді интерпретациялау
7. ABC талдау процедурасының үшінші кезеңінің қадамдарын атаңыз:

A) мәлімет жинау және дайындау
B) жіктеу параметрлерін таңдау
C) талдау мақсаттарын анықтау
D) ABC – классификациясы
E) нәтижелерді интерпретациялау

8. ABC талдау процедурасының төртінші кезеңінің қадамдарын атап өтіңіз ..... :
A) ABC – классификациясы
B) деректерді жинау және дайындау
C) жіктеу параметрлерін таңдау
D) талдау мақсаттарын анықтау
E) нәтижелерді интерпретациялау

9. ABC талдау процедурасының бесінші кезеңінің қадамы аталады:
A) нәтижелерді интерпретациялау
B) деректерді жинау және дайындау
C) жіктеу параметрлерін таңдау
D) талдау мақсаттарын анықтау
E) ABC – классификациясы

10. Респонденттен ақпарат жинау құралы ретінде арнайы құрастырылған сұрақтар тізімі қолданылатын психологиялық вербалды-коммуникативтік әдіс ... әдісі болып табылады.
A) анкеталау
B) позициялау
C) сегменттеу
D) алдын алу
E) стандарттау

Ситуациялық есептер:

Егерде штаттық кесте бойынша 75 орын берілген болса, оның 73 орны бос емес, 70 – физикалық тұлғалар саны болса, **стационарда медбикелік қызметпен жабдықталуын бағалаңыз.**

1. Қамтамасыз ету коэфицентін есептеңіз.
2.

Жауабы:

1. Қамтамасыз ету коэф. = 70/73=0,96; (қызметтерді біріктіру орны бар).
2. Жұмыспен қамтамасыз ету = 73/75 = 0,97 (бос орындар бар)